

Мектеп директорларына


Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Абай атындағы ҚазҰПУ мен Құлан мектеп-гимназиясының ұйымдастыруымен «Қазақ тілі» пәнінің білім беру бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін орта мектеп, мектеп-лицей, гимназиялардағы 9-11 сынып оқушылары арасында «Қазақ тілі» пәнінен олимпиада ұйымдастыратынын хабарлайды.

Осыған орай, олимпиадаға қатысатын оқушылар туралы сұранысты 2024 жылдың 19 сәуіріне дейін аудандық білім бөліміне (қағаз түрінде) өткізулеріңіз тиіс.

Олимпиада өтетін күн мен өткізілетін орын қосымша хабарланады.

Ереже қосымша /3 бет/ тіркеледі.

/ Басшы



М.Базарова

Орындаған: А.Кариева

«Бекітемін»  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
Филология факультетінің директоры  
Тайжарикова А.В.  
« \_\_\_ » \_\_\_\_\_

## «Қазақ тілі» пәні бойынша олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу ҚАҒИДАЛАРЫ

### 1. Жалпы ережесі

1. «Қазақ тілі» пәнінің білім беру бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін орта мектеп, мектеп-лицей, гимназиялардағы оқушылар арасында аудандық, қалалық, республикалық олимпиадаларды (бұдан әрі – Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: қазақ тілі пәнінен алған теориялық білімін өмірлік тәжірибеде қолда алатын, шығармашылық қабілеттерін дамытатын дарынды балаларды анықтауға жағдай жасау. Қазақ тіліне қызығушылық танытатын оқушыларды іріктеу, «Қазақ тілі» пәнінің беделін көтеру.

3. Филология институтының өкімі негізінде Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасынан ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - ұйымдастыру комитеті) құрылады. Ұйымдастыру комитетінің құрамына білім берудегі зерттеулермен айналысатын ғалымдар мен ізденушілер енеді.

### 4. Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің міндеттері:

- 1) осы қағидада белгіленген талапқа сай Олимпиаданың өткізілу барысын бақылайды;
- 2) Олимпиадаға басшылық жасайды;
- 3) Олимпиаданың қазылар алқасы мүшелерінің құрамы және саны жөнінде ұсыныс береді;
- 4) Олимпиаданың әр турында берілетін тапсырмалардың үлгісін және бағалау өлшемдерін анықтайды;
- 5) Олимпиаданың қорытындысын шығарады;
- 6) Олимпиада материалдарын жариялайды.

7. Олимпиаданың қазылар алқасының құрамына төраға және мүшелер кіреді. Қазылар алқасының саны пәнге байланысты тақ саннан құралады (3 адамнан кем емес).

Қазылар алқасының төрағасы мен құрамы институт кеңесінде бекітіледі.

### 8. Қазылар алқасының төрағасы:

- 1) Әдістемелік кеңеспен бірлесіп отырып, әр кезеңге қойылатын талапқа сай теориялық және практикалық тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, міндеттердің нақтылығына және тиісті кезеңдер өткенге дейін тапсырмалардың құпиялығына жауап береді;
- 2) бағалау өлшемдерін, турлардың санын, әрбір турдың ұзақтығын, қажетті құралдардың тізбесін әзірлеу жөніндегі қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады.

## 9. Олимпиаданың қазылар алқасы:

1) жұмыстарды тексереді және бағалайды, тексеру нәтижесімен таныстырады;

2) қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

3) жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін ұсынады;

### 2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1 «Қазақ тілі» пәні бойынша Олимпиада 9-11 сынып оқушылары арасында өткізіледі және 3 турдан тұрады.

1) Бірінші турға 3 деңгей бойынша дайындалған тест тапсырмалары дайындалып, бағалау өлшемдерімен бекітіледі;

2) екінші турға теориялық білімді практикалық тұрғыдан талдауға арналған тапсырмалар дайындалып, бағалау өлшемдерімен бекітіледі;

3) үшінші турға академиялық өссенің түрлері мен тақырыптары белгіленіп бағалау өлшемдерімен бекітіледі;

Қатысушылардың орындаған жұмыстары үш түрлі форматта қабылданады.

Бірінші турда оқушылар тест тапсырмаларын цифрлық технологияның көмегімен тапсырады;

Екінші турда оқушылар практикалық талдауды жазбаша түрде орындап, ауызша қорғайды;

Үшінші турда оқушылар өссенің жазбаша форматта тапсырады;

Олимпиаданың үшінші турында орындаған өссе жұмысы қазылар алқасы тарапынан алдын ала шифрланып, сканерлеуге жіберіледі, сканерленген нұсқа тексеріледі;

Орындаған барлық жұмыстар бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады; Әр турдың қорытындысы, бағалау нәтижелері шығарылады;

2.2 Олимпиадана қатысушыларды Олимпиада өтетін жерге әкелу және тұратын жеріне қайту жолындағы, Олимпиада барысындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін немесе оқушының жетекшісі қамтамасыз етеді.

2.3 Олимпиадана қатысушылар мен қазылар алқасы мүшелері арасында түсіністік орнату үшін әрбір тур бойынша жұмыстарды бағалаудың нәтижесі талқыланады.

2.4. Олимпиадаға қатысушы қазылар алқасының бағасымен келіспеген жағдайда, үйлестіру комиссиясына өтініш бере алады, төраға осы мәселені шешу жөнінде мамандар қатарынан тиісті комиссия құрады.

Үйлестіруші комиссия қазылар алқасының төрағасын және тапсырманы бағалаған қазылар алқасы мүшелерін және Олимпиадаға қатысушының өзін қатыстыстырып өткізеді.


### 3. Қорытынды ереже

3.1 Пәндік олимпиада жүлдегерлері Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университетінің дипломдарымен, грамоталарымен және жүлделерімен марапатталады.

3.2. Пәндік олимпиаданың жүлдегерлері әр сынып бойынша анықталады. Әр сынып жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

3.3. Егер бірнеше қатысушы бірдей балл санын жинаған жағдайда, қазылар алқасының шешімімен жүлдегерлер саны көбеюі мүмкін.

Қазак тілі теориясы және оқыту әдістемесі  
кафедрасының меңгерушісі



Ильясова Н.А.